

МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық орталықтың 2026 жылғы 08 қаңтар күнгі №3 санды шығыс хатына сәйкес «Жырлайды жүрек!» атты облыстық шығармашылық байқауының аудандық кезеңі 2026 жылдың 28 қаңтар күні өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі және қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер №1 қосымшаға сәйкес abb_gauharjan@mail.ru электронды поштасына 2026 жылдың 26 қаңтар күнінен кешіктірмей қабылданады. Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Байқаудың өтетін орны: Т.Рысқұлов ауданы, М.Өзбеков атындағы мәдениет үйі.


Тіркеу: 09.00

Басталуы: 10:00

Ескерту: аудандық байқауға қатысатын оқушыларды алып бару, алып келу және оқушылардың өмір қауіпсіздігіне толық жауапкершілік жетекшілеріне жүктеледі. Бекітілген жетекшілердің қолында ата-аналардың келісім-парақтары болуы міндетті.

Қосымша: 2 парақта

**Басшының міндеттерін
уақытша атқарушы**



Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел: 2-14-10

**«БЕКІТЕМІН»**
Т.Рысқұлов ауданы білім
бөлімінің басшысының
міндеттерін уақытша атқарушы
Б.Самылтыров
«28» қаңтар 2026 жыл

**«Жырлайды жүрек»
аудандық шығармашылық байқаудың
ЕРЕЖЕСІ**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі «Жырлайды жүрек» атты аудандық шығармашылық байқауын өткізеді.

Байқаудың мақсаты:

- Дарынды ұл-қыздардың талантын шыңдау, тіл байлығын дамыту;
- Көркем шығармашылығын, эстетикалық талғамын қалыптастыру;
- Балалардың актерлық шеберлігін және шығармашылығын шыңдау;
- Қазіргі кезеңдегі креативті-шығармашылық ізденіске ұмтылдыру.

Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

Білім беру ұйымдарының басшыларының қолымен байқауға қатысуға өтінімдер электронды түрде abb_gauharjan@mail.ru электронды поштасына 2026 жылдың 26 қаңтар күнінен кешіктірмей қабылданады. 2026 жылдың 26 қаңтар күнінен кейін түскен өтінімдер байқауға қатыстырылмайды.

Байқауға мектепшілік іріктеу кезеңінен өткен балалар қатыса алады.

Өтілетін күні, уақыты: 28 қаңтар 2026 жыл сағат 10.00-де Құлан ауылы, М.Өзбеков атындағы мәдениет үйінде өтеді.

Сұрақтар бойынша: 87087157381 Ногайбаева Гаухар Жанатқызы

Байқаудың өтілу шарты

Байқау төмендегі номинациялар бойынша өтеді:

- Көркемсөз** (регламент 3 минуттан аспау керек)
- Сахналық қойылым** (регламент 10 минуттан аспау керек)

Байқауға қатысатын балалардың жас ерекшеліктері:

- 7-11 жас
- 12-14 жас
- 15-17 жас

Бағалау критерийі:

- Тіл тазалығы
- Сахна мәдениеті
- Киім үлгісі
- Актерлік шеберлігі

Байқау нәтижесі бойынша:

- Бас жүлде
- 1 орын
- 2 орын
- 3 орын дипломдарымен марапатталады

Қазылар алқасы мүшелерінің шығарған шешімі бойынша ешқандай қарсылық қаралмайды.

Ескерту: аудандық байқауға қатысатын оқушыларды алып бару, алып келу және оқушылардың өмір қауіпсіздігіне толық жауапкершілік жетекшілеріне жүктеледі. Бекітілген жетекшілердің қолында ата-аналардың келісім-парақтары болуы міндетті.

Өтініш үлгісі

Қатысушының аты-жөні	
Жасы: (туған күні, айы, жылы)	
Мекені (аудан), мектептің атауы	
Номинациясы (бөлімі)	
Орындайтын шығармасы	
Жетекшісі	
Жетекшінің телефоны	
Эл. почтасы	